**Автор**: Акшалова Баян Сартаевна
**Пән**: Сауат ашу
**Сынып**: 1-сынып
**Бөлім**: Менің отбасым және достарым
**Тақырып**: Менің отбасым. Ұ ұ дыбысы мен әріпі

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту<br>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту<br>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту |
| Сабақтың мақсаты: | 1. Барлық оқушылар: Ұ дыбысына байланысты сөздерді оқиды.<br>2. Оқушылардың басым бөлігі: Сурет бойынша сөйлемдер құрайды, мәтінді оқи алады.<br>3. Кейбір оқушылар: Отбасы мүшелерін сипаттайды, мәтінді талдайды. |
| Тілдік мақсаттар: | |
| Күтілетін нәтиже: | Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтады. Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айтады. Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтады. |
| Бағалау критерийлері: | Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | адамгершілік қасиеттерге баулу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | |
| Пәнаралық байланыс: | |
| Бастапқы білім: | Менің отбасым. Ққ дыбысы мен әрпі. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Психологиялық ахуал.<br>Қайырлы күн достым!<br>Қайылы күн болсын!<br>Бейсенбінің күні Сәттілікке толсын!<br>Біздің алар бағамыз Кілең «бестік » болсын!<br>Өткен сабақты қайталай отырып,Қ әрпіне сөз ойлау | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(27 минут) | Жұмбақ жасыру.<br>Ұя,ұлу,ұшақтың Басын бастап беремін.<br>Бұғы,жұмыртқа ,бұтақтың Ортасында келемін.( Ұ дыбысы)<br>-Ұ дыбысын бәріміз бірге айтайықшы! * Ұ-ұ-ұ * Ұ дыбысы қалай айтылады? * Иә, әндетіліп, созылып айтылады, екен.<br>* Ұ дыбысы қандай дыбыс?<br>* Иә, дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?<br>* Ендеше, балалар бүгін Ұ дыбысын әдемі, дұрыс айтып үйренеміз<br>Дыбыстың артикуляциясын анықтау.<br>* Енді, Ұ дыбысын созып, әндетіп айтайық.<br>* Аузымызбен айтамыз, көзімізбен көреміз, құлағымызбен естиміз, басымызбен ойлаймыз.<br>* Балалар,ұ дыбысын айту кезінде ерніміздің қалпы қандай болады екен?<br>* Ерініміз құбырға ұқсап, алға қарай сүйірленіп шығады екен<br>* Ал, енді тісіміздің қалпына қарайық.<br>* Тісіміздің қалпы қандай екен?<br>* Иә, үстіңгі және астыңғы тістеріміздің арасы ашық екен.<br>* Тіліміздің қалпы қандай екен?<br>* Иә, тіліміз ұйықтап жатқан мысыққа ұқсайды.<br>* Ауа еркін шығады.<br>1. Оқулықпен жұмыс.<br>Топтық жұмыс.<br>1 – топ. Суреттегі заттарды атау. Әр суретке сандар қойып,сол сандарды жазсын (алдарына берілген параққа)<br>2 – топ. Осы суреттегі заттардың үстіне сандар қойып, атауындағы жаңа дыбыстың нешінші буынында тұрғанын жазсын<br>3 – топ. Әр заттың өмірде қажеттілігіне байланысты келетін суретпен сәйкестендіру | |
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | Видеоролик:<br>«Көңілді күн»<br>2– тапсырма. Жеке жұмыс (мұғалім жеке-жеке аралап жүріп оқыту) | |
| Рефлексия<br>(3 минут) | "Алтын шар" әдісі | |